

«Қызылжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің
отырысының хаттамасы №1

29.08.2025ж

Өткізілген орны: Мектеп директорының кабинеті

Қатысқандар:

Мектеп директоры: Кулунтаев А.К.

ППҚҚ-нің төрайымы: Нуралина С.А.

Бастауыш буын ОІЖО: Нуралина Л.М

Арнайы педагог: Сартаева Д.С.

Педагог-психолог: Сактаганова К.Д., Утебаева С.Х

Әлеуметтік педагог: Мустафина А.Е.

Кәсіби бағдар беруші: Ілияс А.С

Пән мұғалімдері, сынып жетекшілері

Күн тәртібінде:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту (ППҚҚ құру туралы бұйрық, ППҚҚ туралы ереже, ППҚҚ жылдық жұмысының жоспары);
2. Мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындыларын талдау;
3. Жеке оқу бағдарламаларын құрастыру және жүзеге асыру алгоритмін қарастыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібінде қарастырылған бірінші мәселе бойынша ППҚҚ төрайымы С.А. Нуралина мектеп директорының бұйрығымен құрылған психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің (ППҚҚ) құрамы, мақсаты мен міндеттері, сондай-ақ ППҚҚ туралы ереже және 2025–2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарының негізгі бағыттары туралы баяндады. Жоспарда ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, олардың даму динамикасын жүйелі мониторингтеу және ата-аналар мен педагогтерге әдістемелік көмек көрсету мәселелерін ерекше атап өтті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің арнайы педагогы Д.С.Сартаева ақпарат берді. Мектептегі мүмкіндігі шектеулі балалардың ПМПК қорытындылары мен ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдармен таныстырды.

2025–2026 оқу жылында мектебімізде барлығы ПМПК қорытындысы бар 9 оқушы білім алады. Оның ішінде 1 оқушы жеке оқу бағдарламасы бойынша, 8 оқушыға жалпы білім беру бағдарламасы (оның ішінде 1 оқушы үйден оқиды) бейімделіп оқытылады.

Жеке оқу бағдарламасы ұсынылған білім алушы:

1 «Ә» сынып оқушысы – Рсай Зере. ПМПК қорытындысына сәйкес жеке оқу бағдарламасы ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
- Зерде бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін қолдану;
- арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: логопед, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдауы;

1 «А» сынып оқушысы – Туманчаев Мансур ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

2 «А» сынып оқушысы – Рахым Саида ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

3 «Б» сынып оқушысы – Әмірбай Жұлдызай ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

4 «А» сынып оқушысы – Михас Амира ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

5 «А» сынып оқушысы – Карагулов Айсултан ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

5 «Ә» сынып оқушысы – Төлеген Нұрмұхаммед ПМПК қорытындысына сәйкес бейімделген жалпы білім беру бағдарламасын бейімдеу ұсынылған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бойынша ұсынымдар:

- Оқыту нәтижелерін бағалау тәсілдері мен критерийлерін өзгерту;
- арнайы психологиялық-педагогикалық көмек: педагог-психологтың, арнайы педагогтің (дефектолог) қолдау;

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша арнайы педагог Д.С.Сартаева ақпарат берді. Жоғарыда аталған білім алушыға жеке оқу бағдарламаларын құрастыру алгоритміне тоқталды. Тереңдетілген педагогикалық диагностика нәтижелері негізінде жеке оқу бағдарламалары бір жартыжылдыққа құрастырылатыны, арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері (special-edu.kz) қолданылатыны айтылды. Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндердің (дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка, бастауыш сыныптар үшін АКТ) жалпы білім беретін мектептерге арналған үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүзеге асырылатыны атап өтілді.

Ұсыныс:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттарын бекіту;
2. Арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлерін (special-edu.kz) пайдалану.
3. Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндерді (дене шынықтыру, көркем еңбек, музыка, бастауыш сыныптар үшін АКТ) жалпы білім беретін мектептің үлгілік оқу бағдарламалары негізінде оқыту.

Шешім:

1. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің құжаттары бекітілсін;
2. Оқыту барысында арнайы оқулықтар мен жұмыс дәптерлері (special-edu.kz) қолданылсын.
3. Балдық бағалау жүргізілмейтін пәндер жалпы білім беретін мектептің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша жүргізілсін.

Қызылжар жалпы орта білім беретін мектеп директоры
Хатшы:



Қ.А. Жулунтаев
С.Д. Сартаева